

**Уалиев М. Е.,** жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

## **Қазақстан Республикасының Конституциясына тарихи шолу**

*Аннотация. Мақалада автор Қазақстан Республикасының Ата заңына сонау орта ғасырлардан бастап тарихи тұрғыда шолу жасайды.*

*Түйін сөздер: түрік мемлекеті, заңдар жинағы, АКСР, КСРО, съезд, референдум.*

Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақ халқының көптен аңсаған жетістігі болып табылады. Ата Заңымыздың тарихына көз жүгіртетін болсақ, қазақ даласында алғашқы ортағасырлық мемлекеттер құрылғанға дейін бізде арнайы жазылған заң нормалары болған жоқ. Тек, дала заңдарына бағынды. Одан кейін Түрік, Батыс Түрік мемлекеттерінен кейін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» атты заңдар жинағы қабылданды. Қазақ жерінің Ресей империясына қосылғаннан кейін, бізде заң нормаларын шығаруға тіптен мүмкіндік болған жоқ, қайта біз сол елдің заңдарына бағындық. Кеңес Одағы тұсында біз тек 1924 жылы Қазақ АКСР-нің Конституциясын қабылдадық. Онан кейін 1936 жылы 5 желтоқсанда қорқыныш пен үрей жағдайында талқыланған КСРО Конституциясының жаңа жобасы Кеңестердің Бүкілодақтық төтенше VIII съезінде қабылданды. КСРО-ның жаңа Конституциясына сәйкес Қазақ АКСР-і Одақтас республика болып қайта құрылды. 1937 жылы 26-наурызда Қазақстан Кеңесінің төтенше X съезінде Қазақ КСР-інің Конституциясы қабылданды.

Көптеген жылдар өте келе 1977 жылы 7 қазанда КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданылуына байланысты Қазақ КСР-де 1978 жылы 20 сәуірде Конституцияны қабылдайды.

Енді, міне Тәуелсіздік таңы атып, аяғымыздан тік тұрған сәтімізде Конституцияның қабылданғанына да биыл 21 жыл толып қалды.

Тәуелсіздік тұсында қабылданған Конституциямыздың тарихына келер болсақ, сегіз айға созылған бүкілхалықтық талқылаудан, Жоғарғы Кеңес депутаттары арасындағы ұзақ айтыс-тартыстан кейін Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданғаны белгілі. Алғашқы Ата Заңымыздың ел өмірінде, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың қатарынан орын алуының маңызы зор болғанымен, оның кейбір баптарын әлі де жетілдіре түсуді қажет ететін тұстар баршылық еді. Соның ең бастыларының бірі — Конституцияда Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесі анықталмай қалды. Президентті орнынан алу және Парламентті тарату, тағайындау алдағы уақытта тұрақтандырушы факторға айналуы мүмкін еді.

Алғашқы Конституция жобасын бүкілхалықтық талқылау кезінде саясатшылар айтқан осы қауіп расқа шықты. Екі жылға жетпейтін уақыт ішінде Жоғарғы Кеңес екі рет таратылып, Үкімет толық құрамда екі рет отставкаға кетті. Осыдан барып жедел түрде Ата Заңымыздың жаңа нұсқасын жасау қажеттігі туды. Ол үшін Президент Н. Ә. Назарбаев 1995 жылы 22 мамырда Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын әзірлеумен айналысатын сараптық-консультативтік кеңес құру жөнінде арнайы қаулы қабылдады. Оның құрамына Н. Шәйкенов, Ю. Басин, В. Ким, Б. Мұхамеджанов, Ғ. Сапарғалиев, М. Сүлейменов сияқты республикамыздағы құқықтанушылар енді. Шетелдік сарапшылар ретінде Ресейдің, Францияның білікті мамандары тартылды.

Сарапшылар әзірлеген жоба 1995 жылы 29 маусымда Алматы қаласында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының II сессиясында талқыланды. Мұнда Елбасының басшылығымен және тікелей қатысуымен жасалған жаңа Негізгі Заңның жобасын мақұлдап, бүкілхалықтық талқылауға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

30 маусымда Қазақстан халықтары Ассамблеясының II сессиясында мақұлдаған Конституция жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсыну үшін баспасөз беттерінде жарияланды.

Шілденің 28-де Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен жаңа Конституцияның жобасы жөніндегі сараптаушы-консультациялық кеңестің қорытынды мәжілісі өтті. Осы мәжілісте мемлекет басшысы Негізгі Заңның жобасына республика халқының ерекше ықылас танытқанын айтты. Алдын ала мәліметтер бойынша оны талқылауға 1,5 млн. адам қатысып, 32 мыңға жуық ұсыныстар мен түзетулер енгізілді. Барлық жерлерде еңбек ұжымдарының жиналыстары, азаматтардың жиындағы, партиялар, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың конференциялары және пленумдары өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдары ерекше белсенділік көрсетті. Конституция жобасының баптары мен тармақтары бойынша енгізілген ескертпелермен Президент мұқият танысып шықты. Назар аударуға тұрарлық көптеген ұсыныстар жобаны жетілдіру үшін пайдаланды.

Мәжілісте талқыланған мәселелердің арасында біздің еліміздің атауына, болашақ Парламенттің төменгі палатасы құрамының санына, мемлекеттік тілге, республиканың сот жүйесіне ерекше назар аударылды.

Осыдан кейін ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды мәселелерді тікелей шешу жөніндегі халықтың құқығын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабын «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы», Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабын басшылыққа ала отырып, 1995 жылы 30 тамызда Жаңа Конституцияның жобасын республикалық референдумға ұсыну жөнінде Жарлық шығарды.

30 тамыз күні өткізілген республикалық референдумға 19 қоғамдық бірлестіктің, сондай-ақ Венгрияның, Канаданың, Египеттің, Польшаның, Румынияның, Тәжікстан мен Украинаның өкілдері бақылаушы ретінде қатысты. Ал республикамыздағы АҚШ елшілігінің өкілі референдумға байланысты Қазақстан «Бұрынғы посткеңестегі демократия ұстазы» деп жоғары баға берді.

Орталық сайлау комиссиясының қорытындысы бойынша референдумда Конституцияның жаңа жобасына 10253 учаскеде дауыс берді. Дауыс беру тізіміне 8933516 адам енгізіліп, оның 90,58 пайызы дауыс беруге қатысты. Жаңа Конституция жобасын жақтап дауыс берген азаматтар саны 7212773 адам немесе 89,4 пайыз. Қарсы дауыс берген азаматтардың саны 800839 адам немесе 9,91 пайыз. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 78103.

Сөйтіп, референдумда дауыс берудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды деп саналды.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы (1995 ж.) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайта отырып, халықаралық актілердің нормалары мен принциптеріне сүйенеді. Аталған және басқа халықаралық актілер мынадай негізгі құқықтар мен бостандықтарды жариялайды: кез келген адам өмір сүруге, бостандыққа және жеке басына қол сұғылмауына құқылы; ешкім де азапталмауы, қадір-қасиетін кемсітетіндей көз алартушылыққа және жазаға ұшырамауы тиіс; барлық адамдар заң алдында тең, заңмен тең дәрежеде қорғалуға құқылы; кез келген адам тұратын орнын мемлекет шегінде еркін алмастыруға және таңдауға құқылы; кез келген адам өзінің, отбасының және басқаларының денсаулығына және тұрмыс жағдайын қолдауға қажетті өмірлік деңгейде еңбек етуге, білім алуға, дем алуға құқылы. Халықаралық құқықтық құжаттар адам құқығы мен бостандығын ең жоғарғы құндылық деп таниды.

Сөйтіп, халықты Қазақстан Республикасының Конституциясын жасаушы деп тану оның мәндік сипатын білдіреді. Сондықтан Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы: «Біз, Қазақстан халқы... осы Конституцияны қабылдаймыз» деген сөздермен басталады. Қазақ халқы Конституцияны референдумның қорытындысымен қабылдады. Әрине, Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасын Президент Парламенттің қарауына бере алады. Алайда, мұндай жағдайда да халық сырт қалмайды. Парламент халықтың жоғары өкілетті органы,

сондықтан ол Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды халықтың атынан қабылдайды.

Қазақстан халқы Конституцияны қабылдайтын бірден бір субъект деп танудан оның құрылтайшылық сипаты туындайды. Қазақстан халқы елдегі мемлекеттік биліктің бірден бір қайнар көзі және егемендікті қолдаушы болып табылады. Сондықтан ол құрылтайшылық биліктің иесі. Нақ осы Конституция арқылы Қазақстан халқы мемлекетті құрды, оның басқару және құрылым нысандарын, әлеуметтік-экономикалық құрылыс негіздерін, адам мен азаматтың мәртебесін белгілейді. Тек халық, ал халық атынан тек Парламент қана мемлекеттің құрылым негіздеріне өзгерту енгізе алады. Сонымен бірге Конституцияда мемлекеттіліктің мейлінше мәнді кезеңдері тұрақтылық, біртұтастық принциптері нығайтылған. Ол мемлекеттік құрылымның біртұтас нысаны, басқарудың Президенттік нысаны және аумақтық тұтастық.

Биыл Ата заңымыздың 21 жыл толуына байланысты, көптеген ғылыми еңбектер мен мақалалар жарық көріп жатыр. Көптеген заңдар мен нормативтік актілер Конституцияның баптарына қайшы келместен жасалуы тиіс. Сондықтан Қазақстан Республикасы азаматтарының басты міндеттері Конституцияның баптарын бұлжытпай орындау.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье с исторической точки зрения рассматривается Конституция Республики Казахстан.

### **RESUME**

The article from the historical point of view is considered the Constitution of the Republic of Kazakhstan.

